



№64 (9420)

СӘРСЕНБІ

2 қыркүйек, 2026 жыл

sozak_uni@mail.ru

www.sozak-uni.kz

Аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газет

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Омыртқа, тізе, тобық:

Қазақстан дәрігерлері Тәжікстанда күрделі операциялар жасады

Қазақстан мамандары екі күн ішінде 100-ден астам пациентке консультация беріп, 10-ға жуық хирургиялық операция жасады.

Тәжікстанда өтіп жатқан «Қазақстан медицинасының күндері» аясында академик Н.Ж.Батпенов атындағы Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығының дәрігерлері күрделі операциялар жасап, жергілікті тұрғындарға медициналық кеңес берді.

қан.

Операция кезінде деформацияны түзетіп, табанды тұрақтандыру үшін үш буынды артродез жасалды. Тобық буыны тұрақсыздығы бар тағы бір пациентке уот-сон әдісімен пластикалық операция жасалды.

Тізеге аз инвазивті операциялар

Артроскопия және спорттық жарақаттар бөлімінің меңгерушісі Нұржан Асанов тізе буынына екі артроско-



Мемлекет басшысы Вице-президент Ерлан Қаринді қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Вице-президенті Ерлан Қаринді қабылдады. Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Вице-президент лауазымының Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілгенін және

оның мемлекеттік басқару жүйесінде ерекше маңызға ие екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Ерлан Қариннің алдына бірқатар нақты міндет қойды. Атап айтқанда, Вице-президентке Құрылтаймен, Үкіметпен және басқа да мемлекеттік

органдармен өзара іс-қимыл барысында Мемлекет басшысының атынан өкілдік етіп, мемлекеттік саясаттың негізгі мәселелері бойынша ұстанымын жеткізу тапсырылды.

